

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АУМАҒЫНДА АЗАМАТТАРДЫ ШАҚЫРУ УЧАСКЕЛЕРІНЕ ТІРКЕУДІ ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 28 қазан 1993 ж. N 1072. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.05.05. N 371 (қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Жалпыға бірдей әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі жыл сайын қаңтар-наурыз айларында тіркеу жылында 17 жасқа толған азаматтарды, сондай-ақ бұрын тіркеуден өтпеген, бұл жастан асқан азаматтарды шақыру учаскелеріне **тіркейтін болсын.**

2. **Жергілікті әкімдер:**
әскери комиссариаттармен бірлесіп азаматтарды шақыру учаскелеріне тіркеуді **қамтамасыз етсін;**

тіркеу жөніндегі тиісті комиссияларды құрып, оларға жұмыс істеу үшін жабдықталған **үй-жайлар беретін болсын;**

тіркеу жөніндегі комиссияларға қажетті мөлшерде техникалық қызметкерлер, қызмет **көрсететін адамдар және көлік бөлсін.**

"Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабына сәйкес тіркеуді өткізу кезеңінде техникалық қызметкерлердің, қызмет көрсетуші адамдардың еңбегіне ақы және көлік шығындарын төлеу жергілікті бюджеттің қаржысы есебінен жасалсын.

3. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі:
тіркеу кезеңінде жергілікті ішкі істер органдарының әскери комиссариаттармен өзара бірлесіп іс-қимыл жасауын ұйымдастырып шақыру учаскелерінде тәртіп пен реттілікті қамтамасыз ететін болсын;

республиканың бүкіл аумағында азаматтардың шақыру учаскелеріне келуіне бақылау жасап, азаматтардың шақырудан жалтару әрекеттеріне жол бермесін.

4. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі:
тіркеуге жататын азаматтардың медициналық жарамдылығын анықтау үшін әскери комиссариаттардың өтінімдері бойынша дәрігерлер-мамандар бөліп
о т ы р с ы н ;

шақыру учаскелерін қажетті медикаменттермен, аспаптармен және медициналық мүлікпен жасақтайтын болсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК